

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық психология

| | | |
|---------------------------------|--|---|
| ЖАРИЯЛАНДЫ 29.04.2025 | ТИРЕК СӨЗДЕР crime prevention, criminal psychology, deviant behavior, juvenile delinquency, socialization, әлеуметтену, девиантное поведение, девианттық мінез-құлық, жасөспірімдер қылмысы, криминальная психология, құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыстық психология, подростковая преступность, профилактика правонарушений, социализация | СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/178462/ |
|---------------------------------|--|---|

УДК 159.922.7 : 343.915

Тулекова Гулжан Хажмуратовна

ғылыми жетекшісі, филология ғалымдарының кандидаты,
журналистика және аударма кафедрасының доценті,
«Тұран» Университеті, Қазақстан, Алматы қаласы

Беркинбаева Сабрина Сабитовна

студент, «Құқықтану» кафедрасы,
«Тұран» Университеті Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа: Мақалада жасөспірімдердің қылмыстық мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері, соның ішінде әлеуметтік, отбасылық және жеке факторлардың әсері қарастырылады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық психологиясын зерттеудің негізгі теориялық тәсілдері, сондай-ақ девиантты көзқарастардың қалыптасуына ықпал ететін факторлар талданады. Әлеуметтену механизмдеріне, эмоционалды-ерікті сипаттамаларға және жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: жасөспірімдер қылмысы, қылмыстық психология, девианттық мінез-құлық, әлеуметтену, құқық бұзушылықтың алдын алу.

Аннотация: В статье рассматриваются психологические особенности преступного поведения подростков, включая влияние социальных, семейных и личностных факторов. Анализируются ключевые теоретические подходы к изучению криминальной психологии несовершеннолетних, а также факторы, способствующие формированию девиантных установок. Особое внимание уделяется механизмам социализации, эмоционально-волевым характеристикам и возможностям профилактики правонарушений среди подростков.

Ключевые слова: подростковая преступность, криминальная психология, девиантное поведение, социализация, профилактика правонарушений.

Annotation: The article examines the psychological characteristics of juvenile delinquent behavior, including the influence of social, family, and personal factors. Key theoretical approaches to the study of criminal psychology among minors are analyzed, as well as the factors contributing to the formation of deviant attitudes. Special attention is paid to socialization mechanisms, emotional and volitional characteristics, and the possibilities for preventing juvenile offenses.

Keywords: juvenile delinquency, criminal psychology, deviant behavior, socialization, crime prevention.

Жасөспірімдер қылмысы – бұл әлеуметтік тұрғыдан аса өзекті мәселелердің бірі, өйткені дәл осы кезеңде жеке тұлғаның өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлық үлгілері қалыптасады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық психологиясын зерттеу девианттық мінез-құлыққа әсер ететін психологиялық және әлеуметтік факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың негізгі себептеріне қолайсыз отбасылық жағдай, ересектер тарапынан бақылаудың төмен деңгейі, қылмыстық ортаның ықпалы және құқық бұзушылыққа психологиялық бейімділік жатады. Сонымен қатар,

әлеуметтену деңгейі маңызды рөл атқарады: ата-аналар мен педагогтер тарапынан жеткілікті назардың болмауы антиәлеуметтік ұстанымдардың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

Бұдан бөлек, экономикалық тұрақсыздық немесе отбасындағы зорлық-зомбылық сияқты стресс факторлары жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа бейімділігін күшейте алады. Осы мәселенің тағы бір маңызды аспектісі – кәмелетке толмағандардың қылмыстық әрекеттерге жиі ересек құқық бұзушылардың ықпалымен тартылатыны. [1]

Бұл зерттеу жасөспірімдердің қылмыстық психологиясына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға және олардың девианттық мінез-құлық қалыптастырудағы рөлін талдауға бағытталған. Бұл тұрғыда Сичэн Сян және басқа да зерттеушілер жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерге итермелейтін сыртқы ықпалдардың, соның ішінде ересек құқық бұзушылардың манипуляциясының маңыздылығын атап өтеді. [2]

Криминалдық психология — бұл қылмыстық мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктерін, құқық бұзушылардың мотивациясын және девианттық көзқарастардың дамуына әсер ететін факторларды зерттейтін психология саласы. Бұл сала жеке психикалық процестерден бастап, қылмыстық әрекеттерді қоздыратын немесе оларды болдырмайтын әлеуметтік және мәдени факторларға дейінгі кең ауқымды мәселелерді қамтиды. Жалпы психологиядан айырмашылығы, криминалдық психология қоғамның заңдары мен нормаларын бұзатын адамдардың мінез-құлқын түсінуге, сондай-ақ қылмысқа әкелетін себептер мен жағдайларды анықтауға бағытталған.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық психология жеке тұлғаның даму ерекшеліктеріне, оның әлеуметтік ортасына және эмоционалды жағдайына байланысты бірқатар күрделі факторларды қамтиды. Осы кезеңде жасөспірімдер өздерінің тұлғалық құрылымын қалыптастыруда, сонымен қатар сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу тәсілдерін үйренуде. Бұл процестерде ата-аналар мен басқа да ересектердің әлеуметтік бақылауының болмауы, сондай-ақ әлеуметтік жүйенің кемшіліктері теріс

мінез-құлықтың дамуына әкелуі мүмкін. Жасөспірімдердің қылмыстық әрекеттерінің бірқатар негізгі себептері мен мотивтері бар.

Біріншіден, жасөспірімдер үшін басты мотивтердің бірі — бұл өздерінің әлеуметтік мәртебесін немесе құрдастар арасындағы орнын дәлелдеу қажеттілігі. Олар көбінесе өздерін қоршаған ортадан немесе отбасыдан көңіл бөлу мен қолдау таппаған кезде, өздерінің тұлғалық және әлеуметтік мәнін басқалар алдында дәлелдеуге ұмтылады. Бұл әрекеттер көбінесе әлеуметтік топқа қосылуға немесе белгілі бір статусқа ие болуға деген қажеттілікпен байланысты болады. Мысалы, қылмыстық топтарға қосылу арқылы жасөспірімдер өзін танытуға, құрдастарымен бірдей болуға тырысады, әрі бұл топқа ену белгілі бір әлеуметтік қорғаныс пен құндылықтарға қол жеткізуді білдіреді.

Екіншіден, жасөспірімдер жиі қаржылық қиындықтарға, әлеуметтік теңсіздікке және төмен өмір сүру деңгейіне тап болады. Бұл әлеуметтік жағдайлар оларды қылмысқа итермелеуі мүмкін. Жасөспірімдер ересектердің әлеміне енуге ұмтылса да, олардың қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі болмайды, сондықтан олар заңға қайшы әрекеттерге барады. Әсіресе тұрмысы төмен отбасыларда, мектепте немесе жақын ортада зорлық-зомбылықты, есірткі қолдануды немесе қылмыстық әрекеттерді көріп өскен жасөспірімдер бұған бейім болады.

Үшіншіден, жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері де олардың қылмыс жасау ықтималдығын арттырады. Олар эмоциялық тұрақсыздықты, импульсивтілікті және өз әрекеттерінің салдарын дұрыс бағалауды жиі көрсете алады. Бұл кезеңде олар көбінесе келешекті ойлаудан гөрі ағымдағы эмоциялар мен қажеттіліктерді басшылыққа алады. Сонымен қатар, жасөспірімдердің қоршаған ортадан немесе отбасынан дұрыс үлгі алмай, агрессия мен зорлық-зомбылықты қабылдауы олардың қылмыс жасауына ықпал етуі мүмкін.

Төртіншіден, жасөспірімдердің қылмыстық әрекеттерге баруына себеп болатын тағы бір фактор — бұл олардың әлеуметтік ортадағы моральдық

құндылықтары мен құқықтық сана-сезімінің жеткіліксіздігі. Егер жасөспірімдер жанұясында немесе қоғамда заңға бағыну мен моральдық нормаларды ұстану мәдениетін үйренбесе, олар бұл қағидаларды өз өмірінде маңызды деп санамай, қылмыстық әрекеттерге бағытталуы мүмкін. Сонымен қатар, жасөспірімдер көбінесе басқа адамдардың құқықтары мен еркіндіктерін бұзудың ешқандай теріс нәтижелері болмайтынын ойлайды, сондықтан қылмысқа барудан тартынбайды.

Бесінші фактор — жасөспірімдердің отбасылық жағдайы мен олардың әлеуметтік мәртебесі. Бүгінгі таңда көптеген зерттеушілер материалдық жағдайы жақсы, әлеуметтік мәртебесі жоғары отбасылардан шыққан жасөспірімдер арасында да қылмыстық мінез-құлықтың жиі кездесетінін атап өтуде. М.А. Очилова және К.Б. Муротмусаевтың пікірінше, «жасөспірімдер қылмысының құрылымында жаңа категория пайда болды — қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан қылмыскерлер». Мұнда «қамтамасыз етілген отбасылар» деп ата-анасы қоғамда жоғары әлеуметтік мәртебеге ие және материалдық жағдайы тұрақты отбасыларды түсінеміз. Алайда, бұл құбылысты тек әлеуметтік-психологиялық факторлармен түсіндіру жеткіліксіз. Очилова мен Муротмусаевтың айтуынша, мұндай жасөспірімдердің қылмыс жасауындағы негізгі психологиялық мотив олардың ішкі дүниетанымында, өзін-өзі қабылдауында және қоршаған ортаны түсінуінде жатыр. Бұл факторлар ең алдымен қазіргі қоғамдағы құндылықтар мен нормалардың ықпалымен қалыптасады. [3]

Жасөспірімдердің қылмысқа баруына әлеуметтік орта мен олардың мінез-құлқындағы өзгешеліктер де әсер етеді. Олар көбінесе өздерін қоғамнан оқшауланған, қарым-қатынаста қиындықтарға тап болған тұлғалар ретінде сезінеді. Мұндай жағдайларда олар теріс әлеуметтік топтардың ықпалына түсіп, қылмыстық іс-әрекеттер арқылы өздерін қорғауға немесе топтың мүшелерімен тең болуға ұмтылады. Осының нәтижесінде жасөспірімдер қылмыстық жолға түсіп, өздерінің өмірін және болашағын зақымдайды. Қылмыстық психологияның жасөспірімдер арасындағы ерекшеліктерін түсіну, олардың құқық бұзушылық

әрекеттеріне себеп болатын факторларды анықтау және алдын алу шараларын қабылдау өте маңызды. Мұның бәрі жасөспірімдермен жұмыс істеуде, олардың мінез-құлықтарын түзетуде тиімді әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

Профилактика құқық бұзушылықтардың алдын алуда маңызды рөл атқарады, әсіресе жасөспірімдер арасында. Бұл процесс кешенді, көпқырлы және ұзақ мерзімді жұмысты талап етеді. Құқық қорғау органдары, білім беру мекемелері, медициналық және әлеуметтік қызметтер, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастық тиімді профилактикалық шараларды жүзеге асырудың негізгі шарты болып табылады. Жасөспірімдермен жұмыс істеу кезінде кешенді тәсілді қолдану – олардың құқық бұзушылыққа баруына ықпал ететін негізгі факторларды терең түсінуге мүмкіндік береді.

Е.А. Степанюк өз зерттеуінде жасөспірімдермен жұмыс барысында жиі кездесетін қателіктерді атап көрсетеді. Оның пікірінше, «жасөспірімдермен жұмыс істейтін мамандар көбінесе формалды тәсілді қолданады, олар нақты нәтижеге бағытталады, мысалы, тәрбиелік мәндегі әңгіме жүргізу, кінә мен ұят сезімін тудыруға тырысу, бұл керісінше теріс салдарға әкелуі мүмкін». Өкінішке орай, көптеген мамандар жасөспірімнің өміріндегі нақты жағдайды түсіну үшін психологиялық диагностика әдістерін сирек қолданады. Бұл олардың балалар психологиясы туралы жеткіліксіз білімінің салдары, нәтижесінде олардың кәсіби міндеттерін орындау сапасы төмендейді. [4]

Профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін бірнеше негізгі бағыттарға назар аудару қажет. Біріншіден, жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының психологиялық себептерін анықтау үшін заманауи психодиагностикалық әдістерді кеңінен қолдану керек. Екіншіден, мамандарды арнайы психологиялық даярлықтан өткізу, олардың жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқуларды ерте анықтау дағдыларын дамыту маңызды. Үшіншіден, жасөспірімдер үшін психологиялық қолдау көрсету орталықтарын құру және оларды тәжірибелі психологтармен қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар, отбасылық тәрбиенің маңызы зор. Ата-аналарға арналған білім беру бағдарламалары, психологиялық тренингтер мен кеңестер жасөспірімдердің дұрыс әлеуметтік бейімделуіне көмектеседі. Тұлғааралық қарым-қатынастардың бұзылуы мен ішкі қақтығыстардың алдын алу мақсатында мектептер мен колледждерде психологиялық кеңес беру қызметін дамыту да өзекті мәселе. Жалпы, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу тек жазалау шараларына емес, кешенді әлеуметтік-психологиялық қолдауға негізделуі тиіс. Бұл тәсіл олардың қоғамға сәтті бейімделуіне ықпал етеді және болашақта құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Осындай кешенді алдын алу шараларының бірі – мектептегі құқықтық білім беруді күшейту. Құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі жасөспірімдерді заң бұзушылыққа итермелейтін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Көптеген жасөспірімдер өз құқықтары мен міндеттерін толық білмегендіктен, өз әрекеттерінің салдарын түсінбей, ойланбай қылмысқа баруы мүмкін. Сондықтан құқықтық білім беру – құқықбұзушылықтың алдын алудың маңызды әдістерінің бірі. [5] Мектеп қабырғасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру жасөспірімдердің заңға құрметпен қарауына және жауапкершілік сезімін дамытуына ықпал етеді. Осы мақсатта құқық негіздері пәнін тереңдетіп оқыту, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру және оқушылар үшін интерактивті құқықтық тренингтер өткізу тиімді әдістердің бірі бола алады. Құқықтық білім тек заңдарды білумен шектелмей, оларды күнделікті өмірде дұрыс қолдана білу дағдысын қалыптастыруға да бағытталуы тиіс.

Осылайша, мектептегі құқықтық білім беру жүйесін жетілдіру жасөспірімдердің қылмысқа баруын азайтудың маңызды құралы бола алады. Бұл олардың заңдық санасын қалыптастырып қана қоймай, қоғамда өз орнын табуға және құқықтық жауапкершілікті саналы түрде сезінуге көмектеседі.

Осылайша, мектептегі құқықтық білім беру жүйесін жетілдіру жасөспірімдердің қылмысқа баруын азайтудың маңызды құралы бола

алады. Алайда құқықтық сауаттылықты арттырумен қатар, олардың психологиялық ерекшеліктерін де ескеру қажет, себебі жасөспірімдердің мінез-құлқы көбінесе жас ерекшеліктеріне тән реакциялармен айқындалады. Жасөспірімдер қылмысы физиологиялық, психологиялық және моральдық даму ерекшеліктерімен, сондай-ақ олардың әлеуметтік жетілмеуімен сипатталады. Бұл кезеңде олардың мінез-құлқында белгілі бір стереотиптер қалыптасып, ол құқық бұзушылыққа бейімділікке әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты, Магомедшарипова Е. Д. атап өткендей, «мінез-құлықтық реакциялар құқыққа қайшы әрекеттердің жасалуына ықпал етеді», бұл олардың жасөспірімдер қылмысын зерттеудегі маңыздылығын көрсетеді. [6]

Дегенмен девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына тек ішкі психологиялық бейімділік емес, сонымен қатар сыртқы факторлар да әсер етеді. Жасөспірімнің өскен ортасы оның әлеуметтік нормаларды қабылдауында шешуші рөл атқарады. Құрдастардың ықпалы, отбасындағы қарым-қатынас, ата-аналық бақылау деңгейі, сондай-ақ цифрлық орта деструктивті мінез-құлық үлгілерінің қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Қазіргі заманғы технологиялар жаңа қауіптерді тудырады: бұқаралық ақпарат құралдарында қылмыстық субмәдениеттің романтизациясы, антиәлеуметтік контенттің таралуы және жасөспірімдердің цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі құқық бұзушылыққа бейімділікті күшейтеді. Сондықтан кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу тек құқықтық және психологиялық білім беруді ғана емес, сонымен бірге олар үшін қолайлы әлеуметтік ортаны қалыптастыруға бағытталған кешенді шараларды да қамтуы тиіс.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау үшін кешенді тәсіл қажет, оның ішінде құқықтық және психологиялық білім беруді жетілдіру ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік ортадағы орнын айқындау да маңызды рөл атқарады. Көптеген жасөспірімдер үшін өзін қоғамда табу – күрделі процесс, ал бұл кезеңде олар жиі сыртқы ықпалға бейім келеді. Егер бұл ықпал жағымсыз сипатта болса, олар девиантты мінез-құлыққа бейім болуы мүмкін. Сондықтан құқықтық

тәрбиені күшейтумен қатар, олардың психологиялық тұрақтылығын қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларды енгізу қажеттігі туындайды.

Қорытындылай келе, жасөспірімдердің қылмыстық психологиясы – бұл кәмелетке толмағандардың қылмыстық мінез-құлқының себептері мен қалыптасу механизмдерін зерттейтін күрделі сала. Жасөспірімдік кезең эмоционалдық сезімталдықтың жоғарылауымен, психиканың тұрақсыздығымен және өзін-өзі дәлелдеуге ұмтылумен сипатталады. Бұл факторлар теріс әлеуметтік ықпалмен ұштасқанда девиантты көзқарастардың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Мұнда отбасы тәрбиесі, әлеуметтік бақылаудың деңгейі және маңызды ересектердің қолдауының болуы немесе болмауы шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, жасөспірімдердің ойлау ерекшеліктері, олардың импульсивті шешімдерге бейімділігі және құқықтық санасының толық қалыптаспауы қылмыстық әрекеттерге тартылуына себеп болуы мүмкін.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу тек құқықтық және жазалау шараларымен шектелмей, әлеуметтік, психологиялық және білім беру қолдауын кешенді түрде қамтуы қажет. Девиантты мінез-құлықты ерте диагностикалау жүйесін дамыту, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламаларын енгізу, сондай-ақ жасөспірімдерге тұрақты адамгершілік бағыт-бағдар беру – осы саладағы басты міндеттердің бірі. Жасөспірімдер қылмысы тек жеке адамның мәселесі емес, тұтас қоғамға әсер ететін әлеуметтік құбылыс екенін ескеру қажет. Сондықтан отбасы, білім беру мекемелері, құқық қорғау органдары мен қоғамның өзара әрекеттесуі ғана жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа баруына ықпал ететін факторларды барынша азайтып, олардың табысты әлеуметтенуіне жағдай жасай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Заидова М.У. О некоторых причинах преступности среди совершеннолетних. «Вестник науки» ғылыми журналы. 2022, № 3 (48)Т.3 URL:

<https://cyberleninka.ru/article/n/o-nekotoryh-prichinah-prestupnosti-sre-di-nesovershennoletnih>

2. Sicheng Xiang Exploration of adolescent criminal psychology and psychological intervention. «ResearchGate» ғылыми порталы. 2024. URL:
https://www.researchgate.net/publication/378435700_Exploration_of_adolescent_criminal_psychology_and_psychological_intervention
3. К.Б. Муротмусаев, М.А. Очилова Психологические аспекты преступности несовершеннолетних. «Central Asian Research Journal for Interdisciplinary Studies (CARJIS)» ғылыми журналы. 2022, — 210-214 Б. URL:
<https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-aspekty-prestupnosti-nesovershennoletnih>
4. Е.А. Степанюк Психологические особенности несовершеннолетних преступников: возможности психологической диагностики. «Северо-Кавказский психологический вестник» ғылыми журналы. 2023, №2 (21). URL:
<https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-osobennosti-nesovershennoletnih-prestupnikov-vozmozhnosti-psihologicheskoy-diagnostiki>
5. Причины правонарушений и преступлений несовершеннолетних. Мышкин қалалық қонысы әкімшілігінің ресми сайты. URL:
<https://www.gorodmyshkin.ru/news/show/282/>
6. Е.Д. Магомедшарипова Психологические особенности подростковой преступности. «Мировая наука» ғылыми журналы. 2018, №4 (13) — 180-182 Б. URL:
<https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-osobennosti-podrostkovoy-prestupnosti>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.